

средств;

2430 – «Оценочный резерв под убытки от обесценения основных средств», где учитываются оценочные резервы под убытки от обесценения основных средств;

2440 – «Право пользования активом», где отражается стоимость права пользования арендованными активами, удовлетворяющими критериям признания основного средства;

2450 – «Амортизация права пользования активом», где аккумулируются суммы амортизации права пользования активами;

2460 – «Оценочный резерв под убытки от обесценения права пользования активом», где учитываются оценочные резервы под убытки от обесценения права пользования активами.

Исследование основных средств позволило сформулировать следующее: АО «КазМунайГаз» исправно ведет бухгалтерскую отчетность по всем своим основным средствам, включая нефтегазовые активы, трубопроводы, активы по переработке, здания и сооружения, машины и оборудование, транспортные средства. При таких темпах финансовое положение организации в будущем стабилизируется за счет баланса между активами и источниками их формирования [7].

Таким образом, организация и ведение бухгалтерского учета основных средств на предприятии АО «КазМунайГаз» более совершенная и удобная для всех работников предприятия и она играет самую важную роль – ведение бухгалтерского учета основных средств, осуществление контроля по поступлению, выбытию, ремонту, реконструкции, модернизации, начисление амортизационных отчислений объектов основных средств с целью их сохранности, долгой эксплуатации, получения прибыли и выживания в условиях конкуренции [8].

Исходя из проведенного анализа на одном из казахстанских предприятий, можно сделать вывод, что учет и налогообложение основных средств непростая задача, требующая от бухгалтера помимо немалых знаний бухгалтерского и налогового законодательства еще и большого практического опыта.

Литература:

1. Международные стандарты финансовой отчетности. – Алматы: ИД «БИКО», 2018. - 512 с
2. НСФО (Национальный стандарт финансовой отчетности). Утвержден приказом Министра Финансов РК от 21.06.2016г.
3. Правила ведения бухгалтерского учета. Приказ Министра Финансов РК от 22.06.2007года № 221.
4. Типовой план счетов бухгалтерского учета / Приказ Министра финансов РК. –2018.-№877. –2 октября.
5. Сагинов Н.А., Гарцуева Е.В. и др. Финансовый учет 1.Электронный учебник. Караганда, 2016.-132с.
6. Официальный сайт АО «КазМунайГаз» [Электронный ресурс] - <https://www.kmg.kz/rus/investoram/reporting-and-financial-result>
7. Онлайн закон об учёте основных средств РК [Электронный ресурс] - https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31666258&pos=1;-106#pos=1;-106
8. Финансовая отчетность АО «КазМунайГаз» за 2020- 2021 год, проверенная и не проверенная аудитором [Электронный ресурс] - https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/operatingresults/Operating_results_12M_2021_ru.pdf

Әбіл А.Е., 3 курс (академика Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ)
Ғылыми жетекші – э.ғ.м., аға оқытушы Шакенова Г.А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚЕХС СӘЙКЕС АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУДІ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес ақша қаражаттары туралы есептілікті құрастыру қарастырылады. Нарықтық жағдайда ақша қаражатын тиімді ұйымдастыру және оларды есепке алу, тиімді пайдалану ерекше актуалды сұрақтар болып табылады, себебі қаражат айналымының ақшалай кезеңі кез-келген жеке меншіккәсіпорын түрінің шаруашылық өмірінде зор рөл ойнайды. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын пайдалану өзекті, өйткені Қазақстандық экономикаға шетелдік инвестицияны жиі тарту ел экономикасы үшін ең маңызды. Бұл шын мәнінде, бухгалтерлік қаржылық есептілікті дайындау

және қамтамасыз ету мәселесі болып табылады. Қазіргі уақытта көптеген компаниялар осы сұрақтар бойынша қиындықтарға ұшырау себебінен, бұл мәселе осы тақырыптың зерттелуін талап етуде.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте қамтылған ақпарат мынадай бағалаулар жасау үшін қажет: ақша ағыны компанияның перспективті мүмкіндіктерін құруға, кредиторлардың мен дивидендтер төлеу және басқа да төлемдер есеп айырысу бойынша өз міндеттемелерін орындауға компанияның қабілетін бағалауға, сырттан қосымша ақша қорын тарту қажеттілігін, ұйымдар арасындағы айырма себептері мен байланысты түсімдері, ақшалай және ақшалай емес нысандарда инвестициялық операцияларын қаржыландыру арқылы ұйымдардың тиімділігі [1].

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте қамтылған деректер бухгалтерлік баланс, меншікті капиталдағы өзгерістер мен табыс пен шығын туралы ақпараттарды толықтырып отырады. Ақша қаражатының қозғалысы бойынша есеп берудің мақсаты табыс алып келу болып табылады. Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы қаржылық есептіліктің басқа құрамдастарымен бірге қаралатын есеп, қолданушыға келесідей ақпаратты бағалауға көмектеседі:

1. Компанияның таза активтерінің өзгерісі;
2. Компанияның қаржы құрылымының өзгерісі;

3. Компанияның көлемдерге ақшалай әсер ету қабілеттілігі, жағдайлар мен мүмкіндіктерге байланысты бейімделуі. Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есебі ҚЕХС 7-ның (МСФО) талаптарымен сәйкес құралады. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп өзіне ақша құралдарындағы осындай өзгерістерді операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен өзгерістерге бөліп, субъектінің кезеңдегі ақша қаражатының баламалары туралы ақпараттарды жинайды. Бұл жіктеу есептемені пайдаланушыларға компанияның қаржылық жағдайы мен оның қаражатының құнына осы көрсетілген үш бағыттың ықпалын бағалауға қамтамасыз ету үшін арналған. Ақша қаражаттарының ағымы компания қызметінің сипатына қарай жұмыс істейтін, қаржылық, инвестициялық ақша қаражатының қозғалысына жатады.

Ақша қаражатының баламалары инвестициялаудан немесе басқа мақсаттардан гөрі қысқа мерзімді ақша міндеттемелерін өтеу үшін ұсталады. Осылайша, әдетте, инвестиция алынған күннен бастап ұшай немесе одан аз болатын өтеу мерзімі болған кезде ғана ақша қаражатының баламасы анықтамасында болады. Банктік овердрафттар, әдетте, қарыз алумен ұқсас, яғни қаржылық қызмет ретінде қаралады. Солай бола тұрса да, егер банктік овердрафт талап ету бойынша өтеуге жатса және субъектінің ақша қаражатын басқарудың инструментарийінің ажырамас бөлігі болып табылатын болса, банктік овердрафттар ақша қаражатының құрамдас бөлігі және ақша қаражатының баламасы болып табылады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте кәсіпорын тиесілілігі бойынша операциялық қызметке, инвестициялық және қаржылық қызметке сыныпталған кезеңдегі ақша қаражатының ағынын көрсетеді. Операциялық қызметтен алынатын ақша қаражатының ағыны басым түрде субъектінің пайда әкелетін қызметінен алынады. Операциялық қызметтен алынатын ақша қаражаттары ағынының мысалдар ретінде мыналарды қарастыруға болады: тауарларды сатудан және қызметтерді көрсетуден түсетін ақшалай түсімдер; роялтиден, алымдардан, комиссиялық сыйақылардан түсетін және өзге де ақшалай түсім; берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін ақшалай төлемдер; қызметшілерге және олардың атынан ақшалай төлемдер; ақшалай төлемдер немесе олар инвестициялық немесе қаржылық қызметке жатқызылуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, пайдаға салынатын салықты өтеу. Жабдықтың бір бірлігін сату сияқты кейбір операциялар қызметтің нәтижесіне енгізілетін пайданың немесе залалдың туындауына әкелуі мүмкін. Алайда, осындай операцияларға байланысты ақша қаражатының қозғалысы инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы болып табылады. Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағыны болашақ кірісті және ақша қаражатының ағынын генерирлеуге арналған ресурстарды қалыптастыру мақсатында жүргізілген шығындарды білдіреді [2].

Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаты қозғалысының мысалдары мыналар болып табылады: негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатып алу үшін ақша қаражатын төлеу; негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатудан түсетін ақшалай түсімдер; фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар мен своптар бойынша ақшалай төлемдер, келісім-шарттар мәмілелер жасау үшін немесе сауда мақсаттарында ұсталатын немесе осы төлемдер қаржыландыру жөніндегі қызмет ретінде сыныпталатын жағдайлардан басқа жағдайларда.

Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражаты қозғалысының мысалдары мыналар болып табылады: акциялар эмиссияларынан немесе басқа да борыштық құралдардан түскен ақшалай

түсімдер; субъектінің акцияларын алу немесе сатып алу үшін иегерлерге ақшалай төлемдер;

қаржылық жалға алу жөніндегі өтелмеген берешекті азайту үшін жалға берушінің ақшалай түсімдері. Субъект операциялық қызметтен алынатын ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы мыналарды пайдаланып есеп береді:

1) тікелей әдіс, онда жалпы ақшалай түсімдер мен төлемдердің негізгі түрлері туралы ақпарат ашылады;

2) жанама әдіс, онда пайда немесе залал монетарлық емес операциялардың, кейінге қалдырылған немесе есептелген, өткен немесе болашақтағы ақшалай түсімдердің немесе операциялық қызметтен алынатын төлемдердің және инвестициялық, қаржылық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың қозғалысына байланысты кірістердің немесе шығыстардың баптарының нәтижесінде түзетіледі. Әдіс операциялық қызмет тұрғысынан қолма-қол ақша ағымының қозғалысын, ал тікелей әдіс инвестициялық және қаржы қызметі тұрғысынан ақша ағымының қозғалысын қадағалауға мүмкіндік береді. Жанама әдістің негізгі кемшілігі - ақшалай емес мақалалар мазмұнына және айналым капиталындағы өзгерістер туралы ақпараттың үлкен көлемін жинауды қажет етуінде. Осы ақпаратты алу үшін шоттар бойынша айналымдарды талдау қажет болады, алайда бұл компания есептемесіне кірмейді [3].

Тікелей әдісті пайдаланатын ұйым «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» деген ХҚЕС (IAS) 7 ережелерін қолдануға тиіс. Бұл әдістің келесідей артықшылықтары бар: осы әдіспен құрылған есеп қаражаттың көбею және азаю бағыттарының негізгі көздерін көрсетеді; әр түрлі ағымдағы міндеттемелер бойынша төлемдер үшін қаражаттың болуына қатысты жедел қорытынды жасауға мүмкіндік береді; ақша түсімдерін бюджеттің төлемдеріне тікелей байланыстыру; есепті кезеңде ақша-кредит және кірістер жүзеге асыру арасындағы қарым-қатынастарды көрсетеді. Ал бұл әдістің кемшілігі, ол пайда мен залал, ақша қозғалысы туралы ақпарат пен есептеме арасындағы қарым-қатынасты ашып көрсетпейді. Сонымен қатар, ірі компаниялар өте көп ақшалай аударымдарды жүзеге асыру себебінен арнайы бағдарламалық қамтамасыз етілмеген жағдайда, әр бір төлемді қолмен жасауға тура келеді.

Қорытындылай келе, ақша ағынын талдаудың тура тәсілі дебетке әсер ететін барлық шот корреспонденцияларын сәйкестендіруді анықтайды. Жанама әдіс баланстың баптарын және қаржылық нәтижелердің есебін, ақшалай қаражаттардың қозғалысымен байланысты операциялар есебін және таза кірісті жүйелі түзетуді талдауда негізденген. Дұрыс жасалынған қолма-қол ақша қозғалысы туралы есеп ақша ағындарын басқару үшін бухгалтерлік есеп және аналитикалық бағдарламалық шешімдердің сапасын жақсарту негізінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейін арттырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оксана Озерская. Қаржы стратегиясы. 2011 жылдың 21-ші наурызында тексерілген. 2012 жылдың 28-ші қаңтарынан мұрағатта орналасқан.
2. Оксана Озерская. ХҚЕС 7 «Ақша қаражаттары қозғалысының есебі» //www.banksifrs.ru бойынша оқу құралы. 2012ж. ақпан айынан мұрағатта орналасқан.
3. Watanabe, Izumi. Пайдаэволюциясы. XVIII-XIX ғасырлардағы есеп, Британия 57, Экономикалық Осака Университеті, 2007. -р.27-30. -(5). -2000д. - ISBN 978-5-904522- 50-6

Балдан Б.Б., 3 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)
Ғылыми жетекші – PhD, қауымдастырылған профессор Ламбекова А.Н.

ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТЕГІ БҰРМАЛАУ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АЛДЫН АЛУ РӨЛІ

Түйіндеме: Қарастырып отырған мақалада қазіргі қоғамдағы қатаң бәсекелестік жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен табысқа жетудің басты құралы – ішкі аудит жүйесі туралы сөз қозғалады. Мақсаты: ішкі аудит жүйесінің ұйымның шаруашылық есебінің дұрыс ұйымдастырылуын тұрақтандыруға ықпал ететін тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің рөлін зерттеу.

Кілт сөздер: ішкі аудит, тәуекел, бухгалтерлік есеп

Ұлттық экономиканың қазіргі жағдайында корпоративтік басқару жүйесіндегі ішкі аудиттің рөлі туралы мәселе өзекті бола түсуде. Экономикалық дамыған елдерде ішкі аудит мәселелеріне